ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 23 қаңтар №4360-24-00-2/3593 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының білім басқармасы «№ 3 Облыстық балалар оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Кемелбаев» атауымен әрекет етуші Кемелбаев Бағлан Қанатұлы жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:
Талап қоюшы Қызылорда облысының білім басқармасы «№ 3 Облыстық балалар оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Кемелбаев» атауымен әрекет етуші Кемелбаев Бағлан Қанатұлы жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Кемелбаев» атауымен әрекет етуші Кемелбаев Бағлан Қанатұлы жеке кәсіпкері жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Кемелбаев» атауымен әрекет етуші Кемелбаев Бағлан Қанатұлы жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 24.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 11.03.2025, судья Бержанов К. М., 11.03.2025
4360-24-3-1/3818

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 24.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.03.2025, судья Бержанов К. М., 11.03.2025

4360-24-3-1/3818